

Купондар туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ӨКІМІ
6 сәуір 1994 ж. N 8-7-ө

Халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын қабылдау жөніндегі жұмысты ұйымшылдықпен өткізу, азаматтар мен инвестициялық жекешелендіру қорларына қажетті жағдайлар жасау, купондарды орналастыру барысында қиянат жасау оқиғаларына жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Халықтық банкіне, оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері мен филиалдарына мыналар ұсынылсын:

- Инвестициялық жекешелендіру қорларының халықтың купондарын осы қорларға салуға шақыратын жарнама проспектілерін, буклеттерін, парақшаларын, көркемдеп безендірілген қалқандарын, транспаранттарын және басқа да көрнекі үгітін банк мекемелерінің қызмет жайларында орналастыруға жол берілмесін.

- купондарды инвестициялық жекешелендіру қорларына аудару үшін халықтан купондар қабылдау кезінде инвестициялық жекешелендіру қорларының плакат түрінде жазылған жариялы тізімдерін басшылыққа алынсын. Осы тізімдердің барлық жерде азаматтардың оқуына ыңғайлы белгілі орында рет нөмірімен ілінуі қамтамасыз етілсін.

- Халықтық банк мекемелері қызметкерлерінің купон иелері купондарын таңдаған қорға салуына бөгет жасайтын қандай да болсын іс-әрекеттеріне жол берілмеуге тиіс деп саналсын.

- азаматтардың купондарын жинақтау мен орналастыру барысында жекелеген инвестициялық жекешелендіру қорларына мақсатты қызмет көрсету жөнінде коммерциялық шарттар жасасылуына жол берілмесін.

2. Инвестициялық жекешелендіру қорлары:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1289 қаулысымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру купондары туралы ережеге сәйкес жекешелендірудің бірінші легінде бір адамнан купондардың тек 20 процентін қабылдасын;

- купондарды қабылдау үшін азаматтардан қосымша ақы алу

жәйттеріне жол берілмесін;

- купондарды орналастыру туралы ақпарат Халықтық банкінің бөлімшелеріне магнитті дискілермен ғана берілсін;

- өз қызметін теріс ниетпен және әдепсіз жарнамалау жәйттеріне жол берілмесін.

3. Жолсыздық фактілері байқалған жағдайда инвестициялық жекешелендіру қорлары халық купондарын жинақтау құқығына берілген лицензиядан айырылатын болады.

Премьер-министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК